

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэйти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 368.08+94(574)

ТУРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Шілдебай С.Қ.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, тарих ғылымдарының кандидаты
E-mail: S.Shildebai@mail.ru

Аңдатпа. Мақала түркі халықтары ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, публицист, тарихшы және дипломат Тұрар Рысқұловқа арналған. Ол Кеңес империясының қоластындағы түркі халықтарының бірлігі мен азаттығы үшін күрескен түрікшіл тұлға. Түркістан халықтарының саяси құқықтары мен бостандығы, олардың еуропалықтармен теңдігі және Шығыстағы революция мәселелері туралы теориялық ой-пікірлер айтқан ірі теоретик, ойшыл. Коминтерннің Моңғолиядағы өкілі ретінде дипломатиялық әрі эмиссарлық қызмет атқарып, Моңғолияның тәуелсіз ел болып қалыптасуы жолында ересен еңбек сіңірген дипломат. Т. Рысқұлов өзінің бүкіл саналы ғұмырын туған халқының жарқын болашағы үшін күреске арнады. Бірақ, оның Қазақстандағы ресми қызметі бар-жоғы екі айға ғана созылды. 1926 жылдың сәуір-маусым айларында ол БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Баспасөз бөлімін басқарды және «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып жұмыс істеді. Мақалада архивтің тың құжаттары негізінде Т. Рысқұловтың Қазақстандағы қызметі талдауға алынады.

Түйін сөздер: Мұсбюро, Қазөлкеком, Түріккомиссия, халық ағарту ісі, қарусыздандыру, Рысқұлов, Қазақстан, Ташкент, Түркістан, түрікшілдік

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ

Шилдебай С.Қ.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, кандидат исторических наук,
г. Алматы, Казахстан,
E-mail: S.Shildebai@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена лидеру национально-освободительного движения тюркских народов, видному общественному и государственному деятелю, публицисту, историку и дипломату Турару Рыскулову, который боролся за единство и свободу тюркских народов Советской империи. Т. Рыскулов - крупный теоретик и мыслитель, отстаивавший политические права и свободу народов Туркестана, боровшийся за равноправие тюркских народов с европейцами, и поднимавший проблемы революции на Востоке. Работал полномочным представителем исполкома в Монголии, участвовал в работе Великого Народного Хурала Монголии, принимал участие в разработке первой Конституции Монгольской Народной Республики.

Т. Рыскулов всю свою сознательную жизнь боролся за светлое будущее родного народа. Но его официальная работа в Казахстане длилась всего два месяца. В апреле-июне 1926 года он возглавил Отдел печати Казкрайкома ВКП(б) и работал редактором газеты «Энбекши Казах». В статье на основе новых архивных материалов анализируется деятельность Т. Рыскулова в Казахстане.

Ключевые слова: Рыскулов, тюркизм, Туркестан, Ташкент, Казахстан, народное просвещение, разоружение, Турккомиссия, Мусбюро, Казкрайком.

THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN

Shildebay S.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Candidate of Historical Sciences (Ph.D.),
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: S.Shildebai@mail.ru

Abstract. The article is dedicated to the leader of the national liberation movement of the Turkic peoples, a prominent public and statesman, publicist, historian and diplomat Turar Ryskulov. He fought for the unity and freedom of the Turkic peoples of the Soviet empire. T. Ryskulov, a prominent theorist and thinker who put forward political rights and freedom of the peoples of Turkestan, raised the issues related to equal rights of the Turkic peoples with Europeans and the issues of the revolution in the East. He worked as a plenipotentiary representative of the executive committee in Mongolia, participated in the Great People's Hural of Mongolia, and participated in the development of the first Constitution of the Mongolian People's Republic.

T. Ryskulov all his conscious life fought for the bright future of his people. But his official work in Kazakhstan lasted for two months only. In April-June 1926, he headed the Communist Party Kazkraykom's Press Office and worked as editor of the newspaper "Enbekshi Kazakh". The article assesses T. Ryskulov's activities in Kazakhstan (on the basis of new archival materials).

Keywords: Ryskulov, Turkism, Turkestan, Tashkent, Kazakhstan, public education, disarmament, Turkkommissiya, Musbyuro, Kazkraykom.

Кіріспе

Жалпы, Т. Рысқұловтың Қазақстандағы қызметі деген сұраққа жауап беру тек бір ғана тарихшының қолынан келе қоймайтын шаруа. Өйткені, Т. Рысқұловтың бүкіл саналы ғұмыры мен қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі қазақ халқының болашағы жолына бағытталды. Оның тағдыры – қазақ халқының тарихымен еншілес. Сондықтан, Т. Рысқұловтың сан-салалы қызметі мен қажырлы қайтпас күресі, ұлтқа сіңген еңбегі көптеген тарихшылардың зерттеу еңбегіне жүк болып келеді. Біз осы мақаламызда басқа тарихшылардың назарынан тыс қалып келе жатқан кейбір мәселелерге және нақты алғанда оның 1926 жылдың сәуір-маусым айларындағы екі айлық қызметіне тоқтала кетуді жөн көрдік.

Талқылау

Т. Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы осы уақытқа дейін аз зерттелген жоқ. Т. Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін зерттеуге алған ғалымдар мен журналистердің арасынан О.М. Қоңыратбаевтың, В.М. Устиновтың, М.Қ. Қозыбаевтың, Қ.С. Алдажұмановтың, О. Сәбден мен М.С. Жәпектің, М. Әбілтайұлы мен Н. Әбілдаевтың, К. Адырбекұлының еңбектерін ерекше атап көрсетуге болады [1]. Барлық зерттеушілер Т. Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметіне аса жоғары баға беріп, оның өте дарынды тұлға болғанын бірауыздан мақұлдайды. Мысалы, оның замандасы И.В. Сталин 1922 жылы 14 мамырда Г.К. Орджоникидзеге жолдаған хатында: «...Түркістандық коммунистерді еркелете берудің қажеті жоқ, олар ондай құрметке лайық емес, соңғы екі жыл олардың барлығы жиылып жалғыз Рысқұловқа татымайтындығын айқын көрсетті, мен оның (Түркістанға) қайта оралуына қарсы емеспін», [2, 252-б.] - деп, Т. Рысқұловтың қайраткерлік тұлғасына ерекше баға берсе, академик М.Қ. Қозыбаев осыдан 25 жыл бұрын: «...оның тек советтік шығыс емес, әлемдік ұлт қозғалысының көсемдерінің бірі екендігі сөзсіз. Т. Рысқұловтың әлем тарихындағы тұғыры

биік, жұлдызы жарық, ол Сун-Ят-Сен, Д. Неру, Мұстафа Кемал-паша (Ататүрік) қатарындағы қайраткер екені күмән тудырмайды» [3, 239-б.], - деп объективті баға берген болатын.

Деректері және әдістері

Т. Рысқұловтың Қазақстандағы қызметі туралы осы мақаланы жазуға Қазақстан Республикасы Президентінің архивінен алынған тың құжаттар мен алдыңғы зерттеу жұмыстарының материалдары негіз болды. Жұмысты жазуда объективтілік, тарихилық, жүйелілік және салысырмалы талдау принциптері басшылыққа алынды.

Нәтижесі. Т. Рысқұлов Түркістан АКСР-інде қызмет істеп жүріп біртұтас кеңестік қазақ автономиясының ұйымдастырылуын жақтады. Қазақстанда азамат соғысы аяқталып келе жатқан тұста болашақ Қазақ АКСР-інің астанасы Ташкент қаласы болуы тиіс деген пікірді ұстанды. Ол 1919 жылы күз айларында ұлттық республикалар құрамына өз халықтарын біріктіру мәселесін көтереді. 1917 жылы желтоқсанда өткен екінші Орынбор сиезі күн тәртібіне қойған қазақ жерлерін біріктіру мәселесін ары қарай жылжитқан Т.Рысқұлов біріккен қазақ жерлерінің астанасы ретінде Ташкент қаласын белгілеуді үзілді-кесілді талап етеді [4]. Біз бұл жерден Т. Рысқұловтың алдымен ұлтшыл, содан кейін түрікшіл болғандығын көреміз. Сол кездегі ірі саяси, экономикалық, әрі мәдени-рухани орталықтардың бірі болған Ташкент қаласын Қазақстанның астанасына айналдыра отырып, шашылып жатқан қазақ жерлерін біріктіру идеясы сол тарихи кезеңде ең ұтымды идея болатын. Себебі, қазақ халқының жартысынан астамы Түркістан өлкесін мекендейтін, сондай-ақ көшпелі қазақ аймақтарына қарағанда халқы тығыз орналасқан, шаруашылықтың сан түрі дамыған Түркістанға қарасты қазақ жерлері арқылы өзге қазақ жерлерін әкімшілік жағынан басқару, шаруашылығы мен тұрмысын ұйымдастырып, мәдени өміріне ықпал ету анағұрлым оңай әрі тиімді болар еді.

Екіншіден, Ташкент қаласын Қазақстанның астанасына айналдыра отырып, қазақ жерінің астанасын тұтас түрік конфедерациясының да орталығы болуын қамтамасыз ету арқылы қазақ ұлтының алдыңғы қатарлы жетекші ұлт болуын қалыптастыру болатын. Саны жағынан түрік халықтары арасында Түркия түріктерінен кейінгі екінші орынды иеленетін және Ә.Бөкейхан айтқандай «мәдениет жолында бізден де төмен» өзге Түркістандық түріктердің арасындағы ең сауатты, көзі ашық халық ретінде қазақтардың бұл орынды иеленуі әбден дұрыс болар еді. Қазақстанның астанасы ретінде Түркістан өлкесінің орталығында орналасқан Ташкент қаласының ұсынылуы Т. Рысқұлов тарапынан жасалынған, нақты мақсатқа бағындырылған, әрі өзге түрік халықтары тарапынан дәл сол кезеңде қолдауға ие болған әрекет болатын.

Тұрар Рысқұловтың аштықпен күрес сияқты және басқа да ірі тарихи қызметтерін айтпағанның өзінде, оның Түркістан АКСР-іне қарасты қазақ жерлері үшін жасаған нақты іс-шаралары бір төбе. Мысалы, ауылдық жерлерде кедейлер комитетінің құрылуы жөніндегі 1918 жылғы 11 маусымдағы декрет Жетісуда 1920 жылдан соң ғана жүзеге асырыла бастаған еді. Себебі, оған дейін кеңестік Түркістан Республикасына қарасты Жетісу облысының шын мәніндегі қожасы – байыған орыс кулактары мен қарулы казактар еді. Кеңес өкіметінің қаулы-қарарлары жергілікті тұрғындарға – қазақтарға дер кезінде жете бермейтін. 1920 жылы 21 қаңтарда Тұрар Рысқұловтың Түрікатком төрағасы болып сайлануынан кейін ғана бұл істің беті бері қарай бастады. Жетісудағы жағдайды реттеуде 1920 жылы 16 наурызда Т. Рысқұловтың күш салуымен жарияланған «Жетісу облысының тұрғындарына» үндеуі шешуші рөл атқарды. Бұл үндеуде ұлттық белгілеріне қарай қуғындауға қатаң тыйым салынатыны, бұған жол бергендердің ату жазасына кесілетіні, өз аумағында жергілікті халықты тонаған немесе өтірген болыс, станица, селолар мен деревнялар тұрғындарына ауыр салықтар салынатыны ерекше атап көрсетіліп, егер аумақтардың атқару комитеттері ұлтаралық қақтығыстарға жол берген жағдайда, толық құрамымен Революциялық-әскери трибуналдың сотына тартылатыны ескертілді [5, 168-169-б.].

Жетісудағы жергілікті халықтардың жағдайын жақсарту түсуде 1920 жылы 31 наурызда жарияланған Тұрар Рысқұловтың Жетісу облысы бойынша тезистері де аса маңызды болды. Осы тезистерді талқылаған ТК(б)П комитетінің 1920 жылғы 31 наурыздағы пленарлы мәжілісінде Т. Рысқұлов Жетісудағы кулактар мен казактарды қарусыздандыруды жүзеге асыруға, Жетісудың босқын қазақ және қырғыз халықтарын орналастыру үшін 100 000 000 сом қаржы бөліруге қол жеткізді [5, 170-175-б.]. Яғни, қазақ халқының ата жауы – орыс-казактарының қазақ халқының басында ойнаған әңгір-таяғына тоқтау салып, оларға тұңғыш рет соққы берген Тұрар Рысқұлов болатын.

Тұрар Рысқұловтың осындай нақты іс-шараларының нәтижесінде, Жетісу облысының уездерінде алғаш рет кедейлер комитеттері құрыла бастады. Кедейлер мен жалшы-батырақтардың осы алғашқы комитеттері Кеңес өкіметі қабылдаған декреттер мен қаулыларды іске асырып, Түрікатком мен облатком, уездік атком тарапынан күн сайын келіп түсіп жататын түрлі нұсқаулар мен қаулыларды қалың бұқараға жеткізіп, оларды насихаттап отыруда үлкен еңбек сіңірді. Біз бұл жерден өзі шыққан әлеуметтік ортаның жай-күйіне жаны ашитын, үлкен жүректі азаматтың адами бейнесін көреміз.

Тұрар Рысқұлов Түркістан АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған жылдары кеңес өкіметінің оқу-ағарту саласындағы оң саясатының қазақ жерінде тиімді жүзеге асуына ерекше көңіл бөлді. Осы саясат нәтижесінде қазақ кедейлерінің ертеңгі күнге деген үміті арта түсті. Бұл туралы Т.Рысқұловтың 1923 жылы 24-28 қаңтар аралығында өткен ТКП Жетісу облыстық III партия конференциясына қатысып кеткен [6] Жетісу сапарының қорытындысы ретінде жазған «Жетісу мәселелері» атты кітабында жан-жақты баяндайды. «Жетісуда халық ағарту істерінің халі өте нашар, - дейді Т. Рысқұлов, - Облыста қанша мектептер бар екенін ағарту бөлімдері білмейді. Мектептердің дұрыс санын білу мүмкін болмаса керек... Мектептердің үйлері бар да, кітаптары, үй аспаптары жоқ. Балалары киімсіз һәм аш. Балалардың көбі кедейлер балалары. Әке-шешесі балаларға үйлерінен жалғасып тұратын болса керек. Білім алу, балалардың талаптары өте зор көрінеді... Сонда да қырғыз-қазақ арасында шығындарынан қашпай, мектеп ашуға талабы барлар көп. Халық арасында жастардың да саяси мәселелерге түсінгісі келіп, ұмтылулары мықты көрінеді. Қырғыз-қазақ өмірінде мұндай әлеуметтікті туғызған ұлы өзгеріс һәм кеңес үкіметі себеп болды...» [7, 15-16-б.]. Осылайша, Т. Рысқұлов қазақ ауылдарындағы білімге деген күшті ұмтылыстың бар екендігін айта отырып, қазақ ауылдарында жаппай мектеп ашуды ұйымдастыру үшін нақты іс-шаралар жүйесін іске асыруды ұсынды. «...Кедейлердің мектеп ашуға күші жетпейді, - дейді Т. Рысқұлов, - Өкімет оларға жәрдем етпеген. Үкімет бөлімдері кіріссе орыс, мұсылман қыстақтарында кеңестер мектептерін ашуға болатын. Ұзынағашта исполкомға бір мектеп ашындар деген соң халық қозғалып, мектеп ашуға кірісті. Қыстақтарда партия ошақтары болмағандықтан һәм газет алынбайтындықтан саяси ағарту істерінің аты да жоқ. Халық арасында мектеп ашу жұмыстарын жүргізуге болады. Мұғалімдер, кітаптар табылып, халық ағарту бөлімдері мектептер ашып берсе, халық мектеп шығындарын өз мойнына алатыны анық.» Т. Рысқұлов, мемлекет мектепке кететін шығындардың үштен бірін берсе де болады дей отырып, ең алдымен қырғыз-казактар үшін аудан орталықтарында мектеп-интернаттар ашылуы тиіс деп атап көрсетті [7, 16-17-б.].

1923 жылы өткен ТКП Жетісу облыстық III партия конференциясынан кейін, Жетісу облыстық әскери революциялық комитетінің төрағасы қызметін атқарып отырған Қабылбек Сарымолдаев (ол 1922 жылдың 14 қазаны мен 1923 жылдың 18 шілдесі аралығындағы облревком төрағасы болып жұмыс істеді – С.Ш.) Т. Рысқұловтың тапсырмасын орындай отырып, барлық аудан орталықтарында кедей балаларына арналған мектеп-интернаттар ұйымдастыруды қолға алады. Осы саясат аясында уездік революциялық комитеттер мен Қосшы одағынан жергілікті кеңестік орындарға Жетісу облыстық мектеп-интернаттарға жетім, жалшы және кедей

балаларынан оқуға адам жіберу туралы арнайы нұсқаулар жіберілді. Міне, осы саясат аясында көптеген қазақ балалары білім алып, 30 жылдары қазақ халқына қызмет етті. Олардың қатарында Нұрбапа Өмірзақов, Ақай Нүсіпбеков және т.б. көптеген қазақ қайраткерлері болды [8].

Тұрар Рысқұлов Түркістаннан кеткеннен кейін, 9 ай көлемінде Коминтерннің өкілетті өкілі ретінде Моңғолияда жұмыс істегені белгілі. Ол 1925 жылғы шілде айының басында Мәскеуге қайтып келген соң өзінің Моңғолиядағы қызметіне есеп береді. Оған дейін-ақ, 1925 жылы 10 шілдеде өткен МХРП ОК-нің мәжілісінде Т. Рысқұловтың Моңғолиядағы қызметін тұтастай мақұлдап, оған оң баға берілген болатын. Көп ұзамай, КСРО Сыртқы істер халкомы Г.В. Чичерин де осындай баға берді және оған қолдау көрсету қажет деген пікір білдірді [9]. Осыдан соң, БК(б)П ОК-і Т. Рысқұловтың Моңғолиядағы қызметіне жоғары баға бере отырып, әбден ысылған партия және шаруашылық қайраткерін одан ары жұмысқа пайдалану мәселесін ойластыра бастады. Т. Рысқұлов бұл кезде Түркістан халкомкеңесінің төрағасы болған қызметі арқылы-ақ өзін шебер шаруашылық қожайыны, ТКП Мұсылман бюросындағы жұмысы арқылы дарынды партиялық ұйымдастырушы ретінде мойындатқан, Моңғолиядағы қызметі арқылы халықаралық дәрежедегі сұңғыла саясаткер, шебер мәмілегер екенін көрсеткен тұлға болғандықтан да оған қай саладан болса да қызмет ұсынуға болатын еді.

БК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросы Т.Рысқұловты партиялық жұмысқа пайдалану орынды болады деген тоқтам жасайды. Сол кезеңде БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті аса қиын жағдайда жұмыс істеп жатқан еді. 1925 жылдың қыркүйек айында Қазөлкекомының бірінші хатшысы қызметіне кіріскен Ф. Голощекин Қазақстанда асқынып тұрған қазақ топшылдығымен күрес бастады. Әрине, бұл күрес өте тәжірибелі саясаткер, кәнігі басқарушы Ф. Голощекин үшін де оңайға соқпады. Бұл күрестің аса ауыр, әрі ұзаққа созылатынын БК(б)П ОК-і де, Ф. Голощекин де анық түсінді. 1925 жылғы желтоқсан айында өткен V Бүкілқазақстандық партия конференциясы мұны анық көрсетіп берді. Оның үстіне, бұл кезеңде республика шаруашылығы да 1913 жылғы деңгейге көптеген салалар бойынша жете алмай, ақсап жатқан болатын. Сондықтан, БК(б)П ОК-і Т. Рысқұловты Қазақ өлкелік партия комитетіне қызметке жіберуді ойластыра бастады. Көп уақыт Қазақстанда болмаған Т. Рысқұлов та осыған мүдделі еді.

Осы арада, «рысқұловшылдық» туралы мәселеге тоқтала кету қажет. Өйткені, 1925 жылғы кейбір тарихи құжаттарда «қожановшылдар» немесе, «рысқұловшылдар» деген сипаттаулар кездеседі. Мұның барлығы да Орталық пен оның Қазақстандағы жандайшаптарының негізсіз айыптаулары болатын. Шын мәнінде, Т. Рысқұловтың Қазақстандағы топшылдыққа ешқандай қатысы болған жоқ. Біріншіден, ол Қазақ АКСР-інде бұған дейін қызмет атқарған жоқ. Екіншіден, Түркістан АКСР-індегі оның тобы – Орталықтың эмиссарлық органы Түріккомиссияға қарсы жергілікті түрік халықтарының мүддесін қарсы қоя білген Мүсбюро болатын. Түріккомиссияның Т. Рысқұлов тобын талқандауы – Түрік Кеңес Республикасы мен Түрік халықтарының Компартиясын құру туралы идеяға берілген соққы болатын. Ал осының негізінде ұлттық мүдде жолындағы әрекеттерді «рысқұловшылдықпен» айыптауға жол берілді. Сондықтан, Т. Рысқұловты топшылдықпен айыптау ешбір қисынға келе қоймайды. Бірақ, Қазақ АКСР-індегі асқынған топшылдық одан әлдеқайда жоғары тұрған түрікшіл тұлға Т. Рысқұловқа да салқынын тигізбей қоймады. Ол 1926 жылы Қазақстанға қызметке келген кезде осы мәселемен бетпе-бет кездесті.

Т. Рысқұловты Қазақстанға жұмысқа жібермес бұрын БК(б)П ОК-і Ф.Голощекиннің және Қазөлкеком бюросының өзге де мүшелерінің көңіл-күй ауанын байқау мақсатымен Т. Рысқұловты Қазақстанға жұмысқа жіберсек қалай қарайсыңдар деген мазмұнда жеделхат жолдады. Өйткені, БК(б)П ОК-нің Ұйымдастыру бюросы 1919 жылы Түріккомиссияның мүшесі болған Ф. Голощекин мен Т. Рысқұлов арасының жақсы емес екенін анық білетін. Оның үстіне, оған дейін өте жоғарғы деңгейдегі партиялық және мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарып,

халықтың құрметіне бөленген Т. Рысқұловтың қатардағы қызметке келмейтіні әу бастан-ақ белгілі. Яғни, бұл дегеніңіз, біреудің жылы орнынан жылжуы деген сөз. Бір қызығы, 1926 жылы 10 ақпанда өткен БК(б)П Қазөлкекомы бюросының Ф. Голощекин, И. Киселев, О. Жандосов, Н. Нұрмақов, Ж. Мыңбаев, А. Серғазиев, С. Сәдуақасов, О. Исаев, М. Тәгімов, И. Игеновтардың қатысуымен өткен мәжілісінде «Жолдас Рысқұловты Қазақстанда жұмысқа пайдалану туралы ОК-тің жеделхаты» қаралып, «жолдас Рысқұловтың жұмыс істеу үшін Қазақстанға келуіне қарсылық жоқ» деген қаулы қабылданды [10]. Осы жерде, барлық жағынан тығырыққа тіреліп, одан шығар жол іздеп отырған Ф. Голощекиннің бұдан басқа амалы жоқ болған шығар деген ойдамыз. Себебі, Т. Рысқұловтың керемет ұйымдастырушылық дарыны Қазақ АКСР-і үшін ауадай қажет болатын.

Қазақ өлкелік партия комитетінің ресми келісімін алған БК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросы 1926 ж. 3 наурызда БК(б)П ОК Хатшылығының келісімімен Т. Рысқұловты БК(б)П Қазөлкекомының қарауына жіберу туралы шешім шығарды.

Біздің қолымызға Т. Рысқұловтың Қазақстанға дәл қай күні келгенін айғақтайтын құжат әзірге түсе қойған жоқ. Тек белгілісі – 1926 ж. 10 сәуірде өткен Қазөлкекомы бюросының мәжілісі оның қатысуынсыз-ақ «жолдас Рысқұловтың жұмысы туралы» мәселені қарап, оны БК(б)П Қазөлкекомының Баспасөз бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындады. Ал 19 сәуір күні өткен аталмыш бюро мәжілісі Т. Рысқұловтың қатысуымен өтеді. Осы мәжілісте Ф. Голощекин «Еңбекші қазақ» газетінің редакциялық алқасы туралы» хабарлама жасап, ол бойынша «Рысқұлов, Сәдуақасов және Жандосов жолдастар «Еңбекші қазақ» редакциялық алқасына мүше болсын, Т. Рысқұлов газеттің жауапты редакторы болып тағайындалсын» деген шешім қабылданды [11]. Яғни, Т. Рысқұлов Қазақстанға осы екі аралықта келсе керек.

Т. Рысқұлов Қазақстанға келе салысымен-ақ әдеттегіше жұмысқа қызу кірісіп кетеді. Ол кезде Қазақстанда 29 мерзімді басылым шығып тұратын еді. Оның 16-сы орыс тілінде болса, 12-сі қазақ тілінде, 1-уі ұйғыр тілінде шығатын. Т. Рысқұлов өлкелік баспасөз бөлімінің меңгерушісі ретінде ауыл кеңестерінің жұмысын жандандыру бағытында орасан жұмыс атқарды. Үнемі қазақ ауылдарындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге, қазақ кедейлерінің кеңестердегі рөлін арттыруға баспасөзді жұмылдыруға күш салды. Сонымен қатар, республикалық баспасөзге жұмсалатын қаржыны көбейтуге, губерниялық баспасөз бөлімдерінің жұмысын жетілдіруге баса назар аударды. Біз Т. Рысқұловтың аз уақытта Қазақстанда атқарған жұмыстарын кеңірек көрсету үшін нақтылы деректермен бере кетуді жөн санап отырмыз.

Мысалы, Т. Рысқұлов 1926 ж. 21 сәуір күні өткен Қазөлкомы хатшылығының мәжілісіне қатысады. Т. Рысқұловтың мәжілістегі рөлі мен ықпалы, оның энергиясы хатшылықтың хаттамасынан-ақ айқын сезіліп тұр. Осы мәжілісте Т. Рысқұлов қаржының жетіспеушілігі салдарынан шығуы тоқтап қалудың аз-ақ алдында тұрған «Қызыл Қазақстан» журналына қаржы іздестіру туралы мәселені көтере отырып, журналды шығаруды тоқтатпау және оған бөлінген 3000 сом субсидияны жеткіліксіз деп есептей отырып, керекті қаржыны тез арада табуды Қазақ ХКК комфракциясына жүктеу, журналдың редакциясына журналды тарату мен насихаттау бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыруды ұсыну, 5 мамыр күні өтетін «Баспасөз күні» мерекесіне орай Қазақстанның партиялық ұйымдарына журналдың беделін көтеру мен оны тарату мәселесіне көңіл аударуды сұрау жөнінде шешімдердің қабылдануына ұйытқы болды. Сонымен қатар, Т. Рысқұлов Сырдария губкомының Сырдария облысының «Ақжол» және «Смычка» газеттерін өлкелік «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерімен біріктіру туралы 1926 ж. 27 наурыздағы қаулысы туралы айта келіп, губкомның шешімін мақұлдау және осы шешімді аяғына дейін жеткізу үшін Ә. Байділдинді Шымкент қаласына іссапарға жіберу жөнінде шешім қабылдатты [12].

Көріп отырғанымыздай, Т. Рысқұловтың бір күндік жұмысының нәтижесінің өзі осыншалықты ауқымды. Бірақ, Т. Рысқұловтың басы үнемі кеңестік нөқта мен партиялық жүгенге сия бермейтін. Сондықтан да, Ф. Голощекин одан үнемі тартынып, аяғын аңдап басатын. Ф. Голощекин БК(б)П ОК-нің ресми өкілі әрі Қазөлкекомының бірінші хатшысы ретінде Орталықпен ым-жымы бір болғанымен, көп жағдайда Т. Рысқұловтың беделі, қайраткерлік қарымы мен тұлғалық мысы Ф. Голощекиннен басым түсетін. Сондықтан да, Т. Рысқұловтың Қазақстанда одан ары жұмыс істей беруі деген сөз – Ф. Голощекиннің көп ұзамай қызметтен кетуі болып шығар еді. Ал Т. Рысқұловтың Орталық үшін тиімсіз тұстары көп болатын. Өйткені, қазақ қайраткерлерін бір-біріне бөліп соғу тәсілімен Орталықтың отарлық жымысқы саясатын жүзеге асыратын әккі Ф. Голощекин кеткен жағдайда, Т. Рысқұлов қазақ қайраткерлерін тұтас бір арнаға біріктіріп, орталық пен ұлт аймағы арасындағы қарым-қатынаста республика мүддесін қарыса қорғауы сөзсіз еді. Бұл жағдай, кейіннен, 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанына байланысты Т. позициясынан анық көрінді. Осы жағынан келгенде, Т. Рысқұловты басқа жұмысқа ауыстыру Орталық үшін де Ф. Голощекин үшін де тиімді болатын. Екіншіден, Т. Рысқұловтың РКФСР-дің орталық мемлекеттік басқару органында қызмет атқаруы Қазақстан үшін де, өзі үшін де тиімді боларын Ф. Голощекин де анық бағамдаса керек. Осылайша, Қазақстанға келгеніне екі апта уақыт өтер-өтпес Т. Рысқұловтың басқа жұмысқа ауысуы туралы мәселе көтеріле бастады.

1926 ж. 25 сәуір күні Қазақ, Татар және Башқұр автономиялық республикалары қызметкерлерінің (Н. Нұрмақов – ҚАКСР ХКК төрағасы, Ж. Мыңбаев - ҚАКСР ОАК төрағасы, Ахсан Мұхаметқұлов – БАКСР ХКК төрағасы, Хафиз Кушаев – БАКСР ОАК төрағасы, Шайгардан Шаймарданов – ТАКСР ОАК төрағасы) қатысуымен өткен кеңесте «РКФСР орталық мекемелерінің жауапты орындарына ұлт қызметкерлерін ұсыну туралы» мәселе қаралып, Т. Рысқұлов - РКФСР Халкомкеңесі төрағасының орынбасары қызметіне, Саитғалиев – РКФСР Кіші Халкомкеңесі төрағасының орынбасары қызметіне, Биішев – РКФСР Қаржы халкомының орынбасары қызметіне ұсынылды. Ж. Мыңбаев осы кеңес шешімін бекітуді сұрап БК(б)П ОК-нің бас хатшысы И. Сталиннің, хатшысы В. Молотовтың, Орталық Бақылау комиссиясының төрағасы В. Куйбышевтың атына жазған хатында олардың тағайындалуын сұрай отырып, бұл шараның Орталық пен шет ұлт аймақтарының арасындағы шаруашылық және саяси байланыстарға жағымды дәнекер болатынын атап көрсетті [13].

Т. Рысқұловтың РКФСР ХКК төрағасы қызметіне бекітілуі туралы мәселе Орталықта қаралып жатқан тұста, ол өзінің қарымды қызметін жалғастырып жатқан болатын. Ол 1926 ж. 26 сәуір күні өткен Қазөлкеком хатшылығының мәжілісінде «комсомол баспасөзі туралы» айта келіп, комсомол газетінің қайта шығарылу қажеттігін, комсомол газетіне қатысты Қазөлкеком шешімінің қайта қаралуы туралы мәселені Бюро мәжілісіне қою керектігін, Қазөлкекомның баспасөз бөлімі мен БЛКЖО Қазөлкекомына бірлесе отырып бюроның келесі мәжілісінде шығатын газеттің сипаты мен оған керекті қаржы туралы мәселені баяндау тапсырылды. Т. Рысқұловтың осы еңбегінің нәтижесінде 1924 жылдың 8 ақпанынан бері «Еңбекші қазақ» газетінің 4-бетінде қосымша ретінде «Лениншіл жас» атауымен, 1925 жылғы 3 ақпаннан (С. Сәдуақасовтың редактор болуынан кейін – С.Ш.) бері «Жас қайрат» атауымен қосымша ретінде шығып келген комсомол газетін жеке шығару мәселесі орынды шешім тауып, 1927 жылдың басынан бастап «Лениншіл жас» газеті қайта шыға бастады [14].

Сондай-ақ, Т. Рысқұлов хатшылықтың осы мәжілісінде «Семей мембаспасы туралы» хабарлама жасап, Семей мембаспасының мүмкіндіктерін республика үшін пайдалану жөнінде шешім шығарып, Семей мембаспасының жұмысы мен Қазмембаспасының жұмысын ұштастыруды және оның орындалуы мен жүзеге асуын бақылауды өзі басқаратын бөлімнің қарамағына алуды ұсынды. Ұсыныс толық қабылданып, Семей мембаспасы республикалық

маңызы бар баспаға айналды.

Мәжілісте қаралған келесі бір мәселе – «Қазақстандағы шаруалар көтерілісінің 10 жылдығын өткізу туралы» мәселе болды. Бұл мәселе бойынша да оң шешім қабылданып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығын атап өтудің жоспарын жасау үшін Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, О. Жандосов, Брудный, Рязанов және Хангереевтерден тұратын комиссия құрылды. Осы комиссия жұмысының нәтижесінде 1916 жылғы көтеріліске алғаш рет орынды тарихи баға берілгені белгілі.

Т. Рысқұлов Қазақстанға келгеннен кейін көп ұзамай, 1926 жылдың 30 сәуірі – 3 мамыры аралығында өткен 5-сайланған Қазөлкекомның II пленумында жергілікті кеңестердегі байлардың ықпалына соққы беру қажеттігін көрсетті. Байлар рулық және туысқандық қатынастарға сүйенгендіктен емес, қолына биліктің экономикалық тұтқасын ұстағандықтан да кеңестерде жеңіске жетеді деді Т. Рысқұлов. Ал өз кезегінде осы жағдай қазақ ауылдарының әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі деді. Сондықтан, байларға салынатын салық көлемін өсіріп, қазақ шаруалары мен жұмысшылар одағының нығаюына жәрдемдесу керек деген пікір білдірді.

1926 жылы 5 мамырда қызылорда қаласындағы Іскерлер клубында Баспасөз күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өтеді. Осы жиында баяндама жасаған Т. Рысқұлов қайта құру жағдайындағы Қазақстанның даму барысына тигізетін баспасөздің рөлі мен маңызын ғана айтып қоймай, ол республикалық баспасөздің алдына нақтылы міндеттер қоя білді. 1926 ж. 13 мамыр күні өткен Қазөлкомы бюросының мәжілісінде қабылданған «қазақ баспасөзін жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың» (Қазөлкеком Баспасөз бөлімінің жоспары – С.Ш.) осы баяндама тезистері негізінде қабылданғаны айдан-анық. «Реализовать права Отдела Печати Крайкома, как самостоятельного Отдела» [15] деп басталатын аталмыш құжаттан Т.Рысқұловтың нөқтаға басы сыймайтын қолтаңбасы мен «төртінші билік – төрге шық!» деген ұран мүлтіксіз көрініп тұрғандай әсер қалдырады. Бюро мәжілісі Т. Рысқұлов басқаратын бөлімнің жұмыс жоспарын бекітіп қана қоймай, баспасөзге бөлінетін жаңа қаржы көздерін іздестіру мен тарту бойынша да Т. Рысқұлов ұсынған шараларды бекітті.

1926 ж. 19 мамыр күні өткен Қазөлкомы хатшылығының мәжілісіне қатысқан Т. Рысқұлов «Еңбекші қазақ» газетінің жазылу ақысын 8 миллион сомға дейін көбейту туралы шешімнің шығуына ықпал жасады. Мұның барлығы оның беделі мен іскерлігін көрсететін еді [16].

Көп ұзамай, БК(б)П Қазөлкекомына БК(б)П ОК хатшысы В. Молотовтан 1926 ж. 31 мамырдағы БОАК Төралқасының қаулысымен Т.Рысқұловтың РКФСР Халкомкенесі төрағасының орынбасары болып бекітілгені туралы хабарлама келіп жетті. «Еңбекші қазақ» газеті бұл жөнінде 8 маусым күнгі санында ресми хабар берді. Дәл осы күні өткен БК(б)П Қазөлкомы хатшылығының мәжілісінде, Т. Рысқұлов 5 мәселе бойынша хабарлама жасап, өз ұсыныстарын толық өткізіп кетті. Олар:

- Қазақ тілінде өлкелік шаруалардың жаңа газетін шығару шешілді;
- Өлкелік шаруалар газетінің редакторы болып Ж. Мыңбаевты, орынбасары етіп Ә. Байдильдинді бекітті;

Байдильдинді бекітті;

- БК(б)П Қазөлкекомы Баспасөз бөлімін басқару уақытша Ә. Байдильдин мен А.В. Шверге жүктелді;

- «Еңбекші қазақ» газетінің уақытша редакторы болып О. Жандосов бекітілді;

- Қазақ тілінде ғылыми терминологияны тексеріп, оны Қазөлкекомға баяндау Баспасөз бөліміне тапсырылды [17].

Т. Рысқұлов 14 маусым күні өткен Қазөлкомы хатшылығының және 16 маусым күні өткен Қазөлкомы бюросының мәжілістеріне қатысады. 16 маусымдағы бюро мәжілісі Т. Рысқұловтың жаңа қызметке тағайындалуына орай, оны Орталыққа жіберу туралы шешім шығарды [18].

Қорытынды

Т. Рысқұловтың Қазақстандағы қызметі небәрі 2 айға ғана созылды. Осы қысқа ғана уақыттың ішінде Т. Рысқұлов Қазақстан тарихына өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырды.

Тұрар Рысқұловтың есімі – Тұтас Түркістан идеясының баламасы іспеттес. Тұрар Рысқұловтың есімін еске алғанда оның 1918-1919 жылдардағы Түркістандағы аштықпен күресті басқарып, миллионнан астам адамды ажал аузынан арашалап алғаны; 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде И. Сталинге хат жазып, Қазақстанда аштан қырылып жатқан халқын арашалап алуды ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқаны; «Түрік халықтарының Коммунистік партиясы» мен «Түрік Кеңес республикасын» құру жолындағы тарихи күресі; 1926 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дұрыс тарихи баға бергізудегі тарихи рөлі; Түріксібтің салынуын басқаруы және т.б. тарихи еңбектері көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Адырбекұлы К. Алты алаштың ардақтысы: тарихи-танымдық кітап. – Алматы: «Тоғанай Т», 2018. – 240 б.; Алдажұманов Қ. Тұрар Рысқұлов: өмірі мен қызметі // Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т.1. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2007. – 392 б.; Әбілтайұлы М., Әбілдаев Н. Тұрар Рысқұлов Монғолияда. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 84 б.; Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.; Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің күнерегі. – Тараз: Жүсіп Баласағұн атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығы, тарМПИ баспасы, 2014. – 1-том (1894-1919 ж.ж.) – 2014. – 2016 б.; Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің қысқаша очеркі // Түркістан жинағы = Туркестанский сборник. Ғылыми мақалалар мен очерктер жинағы. 2 том. / Жалпы ред. басқ.: т.ғ.д., проф. Д.П. Қожамжарова; Ғылыми ред.: т.ғ.к. О.М. Қоңыратбаев. – Тараз: Жүсіп Баласағұн атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығы, тарМПИ баспасы, 2015. – 235 б.; Қоңыратбаев О.М., Жүнісбаев А.Ә. Мұсылман Бюросы – егемендік идеясының жаршысы (1919-1920 жылдар). – Алматы: ИП «Уатханов» баспасы, 2011. – 246 б.; Сәбден О., Жәпек М.С. Тұрар Рысқұлов публицистикасындағы экономикалық көзқарастары / О. Сәбденнің ғылыми редакциялауымен. – Алматы: Экономика институты ҒКБҒМ, 2014. – 356 б.; Устинов В.М. Туарар Рыскулов: (Очерки политической биографии). – Алматы: Казахстан, 1996. – 464 б.
- 2 Большевиетское руководство. Переписка. 1912-1927. Сборник документов / Составители: А.В. Квашонкин, О.В.Хлевнюк, Л.П. Кошелева, Л.А. Роговая. – М.: РОССПЭН, 1996. – 423 с.
- 3 Қозыбаев М.Қ. Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар // Тұлғалар тұғыры / Құраст. І. Қозыбаев. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540-б.
- 4 Рыскулов Т. К открытию Всекиргизского съезда // Известия (Ташкент). - 1919. - 25-декабря.
- 5 Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
- 6 Третья областная партконференция Джетысу. Стенографический отчет. – Алматы, 1923. – 88 с.
- 7 Рысқұлов Т. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т. 3. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. - 360 б.
- 8 Айдаралиев Қ. Нұрбапа Өмірзаков. – Алматы: «Қазақстан», 1993. – 72 б.
- 9 Устинов В.М. Туарар Рыскулов: (Очерки политической биографии). – Алматы: Казахстан, 1996. – 464 б.
- 10 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 486-іс, 29-29-а.п.; 1039-іс, 50-50-а.п.
- 11 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 486-іс, 111-п.; 1039-іс, 174-п.
- 12 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 492-іс, 97-п.
- 13 РӨСТМА. 17-қ., 67-т., 327-іс, 145-146-п.
- 14 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 492-іс, 106-а.п.
- 15 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 86-іс, 147-п.
- 16 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 492-іс, 118-п.
- 17 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 175-177-п.
- 18 ҚР ПА. 141-қ, 1-т., 487-іс, 1-3-п.

References

- 1 Adyrbekuly K. Alty Alashtyń ardaqtysy: tarihi-tanyndyq kitap. – Almaty: «Toǵanai T», 2018. – 240 b.; Aldajumanov Q. Turar Rysqulov: omiri men qyzmeti // Rysqulov T.R. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. Polnoe sobranie sochinenii. T.1. – Almaty: «Qazyǵurt» baspasy», 2007. – 392 b.; Ábilitauly M., Ábildaev N. Turar Rysqulov Mongoliada. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 84 b.; Qońyratbaev O. Turar Rysqulov: Qoǵamdyq-saıası jáne memlekettik qyzmeti. Túrkiстан kezeńi. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 448 b.; Qońyratbaev O. Turar Rysqulovtyń omiri men qyzmetiniń kúnderegi. – Taraz: Júsip Balasaǵun atyndaǵy Túrkiстан ólkesiniń tarihyń zertteý ortalyǵy, TarMPI baspasy, 2014. – 1-том (1894-1919 j.j.) – 216 b.; Qońyratbaev O. Turar Rysqulovtyń omiri men qyzmetiniń qysqasha ocherki // Túrkiстан jınaǵy = Týrkestanıu sbornik. Ğylymı maqalalar men ocherkter jınaǵy. 2 tom. / Jalpy red. basq.: t.ǵ.d. prof. D.P. Qojamjarova; Ğylymı red.: t.ǵ.k. O.M. Qońyratbaev. – Taraz: Júsip Balasaǵun atyndaǵy Túrkiстан ólkesiniń tarihyń zertteý ortalyǵy, TarMPI baspasy, 2015. – 235 b.; Qońyratbaev O.M., Júnisbaev A.Á Musylman Bırosy – egemendik ıdeiasynyń jarjysu (1919-1920 jyldar). – Almaty: IP «Ýathanov» baspasy, 2011. – 246 b.; Sábden O., Jápek M.S. Turar Rysqulov pýbliıistikasyndaǵy ekonomikalıq kózqarastary / O.Sábdennińǵylymı redaksialaıymen. – Almaty: Ekonomika institúty GKBM, 2014. – 356 b.; Ýstinov V.M. Týrar Ryskýlov: (Ocherki politicheskoi biografii). – Almaty: Kazahstan, 1996. – 464 s.
- 2 Bolshebistskoe rýkovodstvo. Perepıska. 1912-1927. Sbornik dokýmentov / Sostaviteli: A.V.Kvashonkin, O.V.Hlevniyk, L.P.Kosheleva, L.A.Rogovaia. – M.: ROSSPEN, 1996. – 423 s.
3. Qozybaev M.Q. Ğasyr taıqymetin arqalagan arystar // Tulǵalar tuǵyry / Qurast. I. Qozybaev. – Almaty: QazAqparat, 2009. – 540-b.
- 4 Ryskýlov T. K otkrytıy Vsekirgizskogo siezda // Izvestia (Tashkent). - 1919. - 25 dekabria.
- 5 Qońyratbaev O. Turar Rysqulov: Qoǵamdyq-saıası jáne memlekettik qyzmeti. Túrkiстан kezeńi. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 448 b.
- 6 Tretia oblastnaya partkonferentsia Djetysy. Stenograficheskii otchet. – Almaty, 1923. – 88 s.
- 7 Rysqulov T.R. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. Polnoe sobranie sochinenii. T.3. – Almaty: «Qazyǵurt» baspasy», 2007. – 360 b.
- 8 Aıdaralıev Q. Nurbapa Ómirzaqov. – Almaty: «Qazaqstan», 1993. – 72 b.
- 9 Ýstinov V.M. Týrar Ryskýlov: (Ocherki politicheskoi biografii). – Almaty: Kazahstan, 1996. – 464 s.
- 10 QR PA. 141-q., 1-t., 486-is, 29-29-a.p.; 1039-is, 50-50-a.p.
- 11 QR PA. 141-q., 1-t., 486-is, 111-p.; 1039-is, 174-p.
- 12 QR PA. 141-q., 1-t., 492-is, 97-p.
- 13 RGASPI. 17-q., 67-t., 327-is, 145-146-p.
- 14 QR PA. 141-q., 1-t., 492-is, 106-a.p.
- 15 QR PA. 141-q., 1-t., 486-is, 147-b.
- 16 QR PA. 141-q., 1-t., 492-is, 118-p.
- 17 QR PA. 141-q., 1-t., 492-is, 175-177-p.
- 18 QR PA. 141-q., 1-t., 487-is, 1-3-p.

МАЗМҰНЫ

Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ.....	5
Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
Альжаппарова Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ПРОДРАЗВЕРСТКАЛАР» САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ (1918-1921).....	24
Әділжанов Н.Б. Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ..	32
Әминов Т. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1877) – КҮЙШІ, ДАРЫНДЫ КОМПОЗИТОР, ҰЛТТЫҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ.....	41
Әпендиев Т.Ә., Қоңқабаева А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ.....	56
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С. БАҚСЫ, АБЫЗ, ХАНШАЙЫМ? (Сақ дәуірі әйелінің мәртебесін зерттеу).....	68
Далаева Т.Т. МАРАПАТТАУДАН ШЕН АЛУҒА ДЕЙІН: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ШЕН АЛУ МЕХАНИЗМІ (XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	76
Жансүгірова Л.Б., Қағыбатқызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕРТЕ КЕЗЕҢГЕ ЖАТАТЫН СҮЙЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ГАПЛОТОПТАРЫН АНЫҚТАУ.....	86
Еришева Т.А. АТАТҮРІК БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ.....	94
Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҮРДІСТЕРІ.....	100
Жолдыбаев О.М. КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ.....	105
Жуманова А.З. XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ.....	112
Кабдушев Б.Ж. НҰРМАҚОВ - ТҮРКСІБКЕ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ.....	123
Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАРИХ (А.А. Галиевтің 60 жылдығына орай).....	132
Мұхитов Қ. КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	138
Мырзабекова Р.С. АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	145
Мырзабекова Р.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАЛАНЫҢ ОРНЫ.....	154
Мырзатаева З.Б. ҚАРАТАУДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. XVIII – XIX ҒҒ.....	161
Ноғайбаева М.С., Тоқсанбаев А.К. КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ.....	174
Опабекова Ғ.П. АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ.....	181

Ошан Ж.	
ТҮМЕН, МӨДЕ БАСТАҒАН ҒҰН ШАНЬЮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ТҮЙТКІЛДЕР.....	189
Сәкен С.И.	
ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ЖЫР-АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	193
Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.	
ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ.....	206
Төлеубаев Ә.Т.	
ГЕРАДОТТЫҢ СКИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕР.....	217
Төлеубаев Ә.Т.	
САҚ-СКИФТЕР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ РӘСІМДЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ.....	226
Шілдебай С.Қ.	
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОСПАН БАТЫР.....	238
Шілдебай С.Қ.	
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	247

СОДЕРЖАНИЕ

Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН».....	5
Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
Альжаппарова Б.К. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ «ПРОДРАЗВЕРСТОК» В КАЗАХСТАНЕ (1918-1921 гг.).....	24
Адилжанов Н.Б. РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА.....	32
Аминов Т. ДАУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙУЛЫ (1820–1877) – ЗНАМЕНИТЫЙ КАЗАХСКИЙ КЮЙШИ, ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМПОЗИТОР, ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛОЖНИКОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА ИСПОЛНЕНИЯ КЮЕВ.....	41
Апендиев Т.А., Конкабаева А.Н. ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	56
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С. ШАМАНКА, ЖРИЦА, ПРИНЦЕССА? (К изучению статуса женщины сакской эпохи).....	68
Далаева Т.Т. ОТ ПОЖАЛОВАНИЯ К ПРОИЗВОДСТВУ: МЕХАНИЗМ ПОЛУЧЕНИЯ ВОЕННОГО ЧИНА КАЗАХАМИ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (ПЕРВ. ПОЛ. XIX В.).....	76
Джансугурова Л.Б., Кагыбаткызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. АНАЛИЗ ОТЦОВСКИХ И МАТЕРИНСКИХ ЛИНИЙ ДРЕВНИХ ОБЪЕКТОВ ИЗ НЕКРОПОЛЯ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	86
Еришева Т.А. ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ РЕФОРМ, НАПРАВЛЕННЫХ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ТУРЦИИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АТАТЮРКА И ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	94
Жайлыбаев Д.Ж. ПРОЦЕССЫ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИЗ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СЕВЕР.....	100
Жолдыбаев О.М. ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ».....	105
Жуманова А.З. ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА.....	112
Кабдушев Б.Ж. НЫГМЕТ НУРМАКОВ - ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО СОДЕЙСТВИЮ СТРОИТЕЛЬСТВУ ТУРКСИБА.....	123
Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ЗНАК И ИСТОРИЯ (К 60-ЛЕТИЮ А.А. ГАЛИЕВА).....	132
Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА КТК.....	138
Мырзабекова Р.С. ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ.....	145
Мырзабекова Р.С. РОЛЬ ГОРОДА В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ.....	154

Мырзатаева З.Б.	
ИСТОРИЯ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КАРАТАУ. XVIII – XIX вв.....	161
Ногайбаева М.С., Токсанбаев А.К.	
ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ.....	174
Опабекова Г.П.	
МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ.....	181
Ошан Ж.	
ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЕКСТОЛОГИИ КАСАЮЩИХСЯ ИСТОЧНИКОВ О ТОУМАНЬ, МОДЭ И ДРУГИХ ГУННСКИХ ШАНЬЮ.....	189
Сакен С.И.	
ПОЭМЫ О ЕДИГЕ-ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА.....	193
Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.	
РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСКИМ ХАНСТВОМ И РУССКИМ ГОСУДАРСТВОМ.....	206
Толеубаев А.Т.	
НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЫВОДЫ И КУЛЬТУРОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ПО ГЕРОДОТОВЫМ РАССКАЗАМ О СКИФАХ.....	217
Толеубаев А.Т.	
САКО-СКИФСКИЕ И КАЗАХСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ В ПОХОРОННО-ПОМИНАЛЬНЫХ ОБЫЧАЯХ...	226
Шилдебай С.К.	
ВОСТОЧНО-ТУРКЕСТАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА И ОСПАН БАТЫР.....	238
Шилдебай С.К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ.....	247

CONTENTS

Alpysbaeva K.B., Oralbek A. HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC.....	5
Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	13
Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	24
Adilzhanov N.B. THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY.....	32
Aminov T. DUULETKERY SHYGAYULY (1820–1877) – THE FAMOUS KAZAKH KÜYŞİ, TALENTED COMPOSER, ONE OF THE FOUNDERS OF NATIONAL KÜYARTS.....	41
Apendiyev T., Konkabayeva A. KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE.....	56
Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S. SHAMANESS, PRIESTESS, PRINCESS? (ON THE STUDIES OF THE STATUS OF WOMEN IN THE SAKA ERA).....	68
Dalayeva T.T. FROM GRANTING THE RANK TO PROMOTION: MECHANISM OF MILITARY RANK OBTAINING BY KAZAKHS IN THE RUSSIAN EMPIRE (1-ST HALF OF THE XIX CENTURY).....	76
Djansugurova L., Kahbatkyzy N., Samashev Z., Bekmanov B. THE ANALYSIS OF PATERNAL AND MATERNAL LINES OF ANCIENT OBJECTS FROM ELEKE SAZY NECROPOLIS.....	86
Yerisheva T.A. THE CONTINUITY OF REFORMS AIMED AT MODERNIZATION OF HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN TURKEY DURING THE REIGN OF ATATURK AND POST-SOVIET KAZAKHSTAN.....	94
Zhailybayev D. THE PROCESSES OF RESETTLEMENT FROM TURKESTAN REGION TO THE NORTH.....	100
Zholdybayev O.M. “KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE.....	105
Zhumanova A. LANGUAGE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY.....	112
Kabdyshev B.Zh. NYGMET NURMAKOV - CHAIRMAN OF THE COMMITTEE FOR THE ASSISTANCE OF TURKSIB CONSTRUCTION.....	123
Kamalov A.K., Uzhkenov E.M. SIGN AND HISTORY (to the 60th anniversary of A.A. Galiyev).....	132
Mukhitov K. THE HISTORY OF THE CASPIAN PIPELINE CONSORTIUM CONSTRUCTION.....	138
Myrzabekova R.S. EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES.....	145

Myrzabekova R.S. ROLE OF THE CITY IN MEDIEVAL EUROPEAN CULTURE.....	154
Myrzatayeva Z.B. HISTORY OF GEOLOGICAL RESEARCH OF KARATAU. XVIII – XIX.....	161
Nogaybaeva M.S., Toksanbaev A.K. THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY.....	174
Opabekova G.P. THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI.....	181
Oshan Zh. MAJOR ISSUES IN RESEARCH OF TEXTOLOGY CONCERNING THE SOURCES ABOUT TUMAN, MODE AND OTHER HUNG SHANU.....	189
Saken S.I. THE POEM ABOUT EDDIE-LEGENDS AND HISTORICAL TRUTH.....	193
Tasilova N.A., Zhappasov Zh.E. THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE KAZAKH KHANISM AND THE RUSSIAN STATE.....	206
Toleubayev A.T. THE HISTORICAL AND CULTURAL CONCEPTS AND CULTURAL-GENETIC PARALLELS ACCORDING TO GERDOT'S RESEARCHES ABOUT SCYTHIAN.....	217
Toleubayev A.T. THE SIMILARITIES OF THE SAKA-SCYTHIANS AND KAZAKHS IN BURIAL AND FUNERAL PROCEDURES.....	226
Shildebay S. EASTERN TURKESTAN REPUBLIC AND OSPAN BATYR.....	238
Shildebay S. THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN.....	247

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 3(19)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй